ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 3 мамыр №4712-234-00-2/1218 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т.Бекболатов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№17 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Эверест» атында әрекет етуші Абдуллаева Гузал Мамуржановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану,
2) 1 850,15 теңге тұрақсыздық айыппұлын өндіру,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№17 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі талап қоюы – толықтай қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Эверест» атында әрекет етуші Абдуллаева Гузал Мамуржановна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Эверест» атында әрекет етуші Абдуллаева Гузал Мамуржановнадан мемлекет пайдасына 1 850 (бір мың сегіз жүз елу) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 902 (бір мың тоғыз жүз екі) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Т.Бекболатов

Документ подписан: Бекболатов А. Т., 13.05.2024

Дата вступления в законную силу: 20.06.2024, судья Бекболатов А. Т., 27.06.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -